**Қалалық бюджет комиссиясының**
**2022 жылғы 28 ақпандағы №4 хаттамасының**
**ҮЗІНДІСІ**

**Күн тәртібіндегі мәселе:**

**2022-2024 жылдарға арналған қалалық бюджетке нақтылау енгізу туралы.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 106-бабының 4-тармағына сәйкес, қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Р.Ж.Мулкеманов «2022-2024 жылдарға арналған Шымкент қаласының бюджетін нақтылау» туралы ақпараты тыңдалды (қосымша тіркеледі).

Қала мәслихатының депутаттары, мәслихаттағы «Nur Otan» партия фракциясының төрағасы Б.Тулегенов және қалалық қоғамдық кеңесінің төрағасы Н.Б.Бұхарбай 2022-2024 жылдарға арналған Шымкент қаласының бюджетінде «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасын іске асыру бойынша жол картасындағы тиісті іс-шараларға қаржы жоспарланғанын баяндай келе, нақтылау бойынша енгізілетін өзгерістерді қолдауды ұсынды.

**Мәжіліс қорытындысы бойынша мынадай шешім қабылданды:**

Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексіне сәйкес, «2022-2024 жылдарға арналған Шымкент қаласының бюджеті туралы» Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №72/651-6с шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Шымкент қаласы мәслихаты шешімінің жобасы туралы» қала әкімдігі қаулысының жобасы әзірленіп, қала әкімдігінің қарауына енгізілсін.

**Қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы кірістерді және бюджетті жоспарлау, мониторингілеу бөлімінің басшысы- қалалық бюджет комиссиясының хатшысы** **М. Кемелов**

ПАКЕТТЕР ҮШІН

*қалалық бюджеттік комиссиясының*
*28.02.2022жылғы*
*№4 хаттамасына қосымша*

| Бюджеттік сыныптама коды | | | Атауы | Нақтыланған жоспар (+/-) |
|---|---|---|---|---|
| **373** | | | **Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы** | **4 000** |
| | **028** | | **Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау** | **3 000** |
| | | **015** | **Жергілікті бюджет қаражаты есебінен** | **3 000** |
| | | | «Шымкент қаласы 18 шағын ауданында орналасқан А.Макаренко атындағы №41 мектеп-лицейіне қосымша 300 орындық корпус салу» ЖСҚ әзірлеу | 1 000 |
| | | | «Шымкент қаласы, Азат шағын ауданында орналасқан №68 мектепке 300 орынға қосымша корпус салу» ЖСҚ әзірлеу | 1 000 |
| | | | «Шымкент қаласы Текесу тұрғын алабында орналасқан №121 Текесу жалпы білім беретін мектептің өз жер учаскесінде 150 орындық қосымша корпус салу» ЖСҚ әзірлеу | 1 000 |
| | **030** | | **Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар обьектілерін дамыту** | **1 000** |
| | | **015** | **Жергілікті бюджет қаражаты есебінен** | **1 000** |
| | | | «Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы Сарбаздар көшесі №8 мекенжайда орналасқан ғимаратты қайта құру» ЖСҚ әзірлеу | 1 000 |

ПАКЕТТЕР ҮШІН